TALAP

# Білім беру процесінде жасанды интеллект құралдарын қолдану бойынша педагогке кеңестер мен ұсынымдар




**5-шығарылым.**
**AI-педагог: ЖИ-мен жұмыс істеу негіздері**

## ҚҰРМЕТТІ ПЕДАГОГ!

Біз Сізбен қауышып, жасанды интеллект оқытушының жұмысын қалай жеңілдететін және білім алушыларды қалай шабыттандыра алатынын бірге қарастыруға қуаныштымыз.

Бұл кітапша — тәжірибеде сыналған қадамдық нұсқаулықтардан, мысалдардан және идеялардан құралған біздің шағын жолнұсқаушымыз.

Қолданыңыз, байқап көріңіз, технологиялар сіздің сенімді көмекшіңіз болсын!

Құрметпен, "Talap" КеАҚ командасы

# ЖИ педагогке не үшін керек?




ЖИ адамның орнына ойламайды және нәтиже үшін жауапкершілік алмайды

# Құқықтық және этикалық шеңбер

Педагог нені ескеруі тиіс:



нәтиже үшін ЖИ емес, адам жауап береді



дербес деректерді ЖИ-сервистерге жүктеуге болмайды



білім алушылар ЖИ қолданылғанын көрсетуі тиіс



ЖИ — жұмыс авторы емес, ол құрал

- Контентті таңбалау:

Кез келген дипфейк (шынайы цифрлық имитация) «Жасанды интеллект туралы» Заңға сәйкес айқын белгіленуі тиіс;

- ЖИ-ге сілтеме жасау:

Академиялық адалдықты сақтау және авторлықты бағалау үшін қолданылған құралдарға сілтеме жасау міндет.





Бұл шеңбер педагогті де, білім алушыны да қорғайды

# ЖИ-ді Қайда Қолдануға болады немес болмайды




## ✓ ЖИ-ді Қолдануға болады:

- материалдарды дайындау үшін;
- идеялар мен Қараламаларды генерациялау үшін;
- көрнекілендіру және мысалдар үшін;
- талдау және сын тұрғысынан Қарау дағдыларын жаттықтыру үшін.

## ✗ ЖИ-ді Қолдануға болмайды:

- білім алушының ойлау әрекетінің орнына;
- тұлғаны немесе мінез-Құлықты бағалау үшін;
- дербес және биометриялық деректермен жұмыс істеу үшін;
- авторлықты алмастыру және Қорытынды жұмысты өңдеусіз ұсыну үшін.

# «Бағдаршам» саясаты



# ЖИ сабақтың 5 қадамы



## 5.Рефлексия

Педагог орындалған міндеттегі ЖИ рөлі туралы сұрақ қояды: нені ЖИ-ге сенін тапсыруға болады, ал не адамның жауапкершілігінде қалады.



## 4.Талқылау

ЖИ жұмысының нәтижелері бірлесіп талданады: не сәтті шықты, ЖИ қай жерде қате жіберді немесе тым оңайлатып жіберді.



## 3.Практика

Білім алушылар сол міндет үшін ЖИ-ді қолданып көреді: сұранысты тұжырымдайды, нәтиже алады, оны пысықтайды.



## 2.Көрсету

Педагог ЖИ белгіленген міндетті шешуге қалай көмектесетінін (идея, қаралама, түсіндірме, көрнекілік) бір нақты мысал арқылы көрсетеді.



## 1.Кіріспе (мотивация)

Педагог практикалық міндетті айқындайды және оны шешуде ЖИ қандай рөл атқара алатынын көрсетеді.
Мысалы: «ЖИ сіздің кәсібіңізде қай жерде кездеседі?», «Сіздің кәсібіңізде ЖИ — көмекші ме, әлде қауіп пе?» деп сұрауға болады.

# Негізгі Қателіктер








TALAP

# Тәуекелдер мен жауапкершілік



# “TALAP” КЕАҚ ӘЗІРЛЕГЕН

Педагогтерді дамыту басқармасы

TALAP. EDU.KZ